«Бекітемін»
Мектеп директоры
С.А.Сағындықова
________
«01» 09 2023ж

«Қостомар ауылының жалпы орта мектебі» **КММ**
педагог - психологтың 2023-2024 оқу жылының қыркүйек айына арналған жұмыс жоспары

| № | Жұмыс мазмұны | Қолданылатын әдіс – тәсілдер | Сынып | Мерзімі | Қорытынды |
|---|---|---|---|---|---|
| **1** | 5-10 сынып оқушыларының педагогикалық – психологиялық картасын, психологиялық мінездемесін толтыру | Карта толтыру | 5-10 сыныптар | Қыркүйек | анықтама |
| **2** | Керн-Йаресактің «Мектепке дайындық деңгей бағдары» әдістемесі | 1 сынып оқушыларының мектепке деген дайындықтарын зерттеу жұмысы | 1 сынып | Қыркүйек | хаттама |
| 3 | 1 және 5 сынып оқушыларының ата-аналарына психологиялық көмек. Оқушылардың бейімделуін зерделеу бойынша 1,5-сынып ата-аналарына кеңес беру. | Психологиялық ағарту | Ата-аналар | Қыркүйек | анықтама |
| 4 | 5 сынып оқушыларының бейімделуін зерттеу | Сауалнама | 5 сынып | Қыркүйек | хаттама |
| 5 | «Жас маманға психологиялық кеңес» атты психологиялық тренингтер, жадынама. | Жас маманмен жұмыс | Жас мамандар | Қыркүйек | анықтама |

Педагог-психолог: Бердалиева.Б.Р

**Қостомар ауылының жалпы орта мектебі.**
**1-сынып оқушыларының мектепке бейімделуі жөнінде анықтама.**

**Мақсаты:**

Оқушылардың психо-эмоционалдық көңіл-күйін, отбасы мүшелерімен қарым-қатынасын, зейінін шоғырландыруын, үзіліс уақыты мен сабақ барысындағы белсенділігін диагностикалау.

**Міндеттері:**

- Тест «Мектепке келгендегі оқу қабілетін зерттеу» ;
- Оқушылардың эмоциялық жағдайын бақылау ;
- Балалардың оқу мотивациясын анықтау;
- Оқушының үзіліс уақыты мен сабақ барысындағы белсенділігі, құрбыларымен қарым-қатынасына бақылау.
- Ата-ананың қаншалықты дәрежеде балаға көмектесуін анықтау

Мектебімізде 2019-2020 оқу жылында 1 «а» «б» сыныбында 5 оқушы бар. Оқушылар мектеп жарғысындағы оқушының міндеттері мен ережелерін үнемі сақтап отырады. Күн тәртібінің орындалуы, мектеп формасының сақталуы, күнделікті толтыруы жақсы жағдайда. 1 сынып оқушылары 100% ыстық тамақпен қамтылған.

Сынып жетекшісі: Алибекова.Р.С.Асанбаева.Р.Б Сынып жетекшілерінің сынып оқушыларымен қарым-қатынасы жақсы деңгейде, оқушылар сабаққа көтеріңкі көңіл күймен келеді, Сынып жетекшісі оқушылармен жеке, топпен, жалпылама жұмыс жасайды.

Сынып жетешілері сынып оқушыларының мектеп өміріне бейімделуіне жағдай жасауда, оқушылар денсаулығын сақтау мақсатында күнде ертеңгілік жаттығу, сабақ барысында кемінде екі рет сергіту жаттығулары жүргізіледі. Ата-ана тарапынан үйдегі оқытуға қадағалу бар.

Мектептің оқу- тәрбие жұмыс жоспары бойынша 13 қараша бірінші сыныптардың бейімделуін бақылау мектеп психологы тарапынан жүргізілді. Оқушылардың мектепке бейімделуі қалыпты жағдайда деген қорытынды жасалды.

**Ұсыныс**: Мектеп ережесін барлық оқушылар сақтайды. Көбірек көңіл бөлетін оқушы: Еркинбек Айсәуле.





**Қараша айы бойынша 1 «а»-сынып оқушыларының мектепке бейімделуі жөнінде қорытынды есеп.**

Қараша айында 1 «а» сынып оқушыларынан «Баспалдақ әдістемесі», «Социаметрия» әдістері алынды.
**Мақсаты**: Баланың өзін-өзі бағалау деңгейін және достары арасында орынын анықтау. **Қатысты:** 3 оқушы **Қатыспағаны:** 0

| **Сынып** | **Жоғары** | **Орташа** | **Төмен** |
|---|---|---|---|
| 1 «А» | Қайролла Ерасыл Ерікұлы<br>Мекенбай Айсұлтан Ералханұлы | Еркінбек Айсәуле | 0 |








**Қорытынды:** Сынып оқушыларының мінездері ұқсас, соған байланысты бір-бірімен қарым-қатынастары да ұқсас. Оқушылардың өздерін бағалауы жақсы, бір оқушы төмен.

Сыныптың қарым-қатынасы орташа деңгейде. **Коррекциялық жұмыс:** Сыныппен тренинг өткізу. Ойлау, есте сақтау қабілеттерін дамытуға арналған әдістермен жұмыс.

13.11.2023 күні 1 «а» сынып оқушыларынан Керн-Йерасек тесті алынды.Мақсаты: Оқушының оқуға дайындығын анықтау.




Қорытынды: Оқушының оқуға дайындығын зерттеу барысында -2 оқушы орташа деңгейді және 1оқушы жақсы деңгейді көрсетті. Оқушының оқуға дайындығы нормаға сай дегенді білдіреді. Мектепке бейімділігі қалыпты жағдайда.

1 «а» «б» сынып оқушыларымен тренинг сабақ өтті. Топта психологиялық жайлылық атмасферасын құру мақсатында оқушылар шеңбер бойымен тұрып, доптың көмегімен өздерін таныстырды.

«Сәлемдесу» жаттығуында оқушылар өздерінің көңіл күйлерін айтып, мектепке барлық оқушы жақсы көңіл күйде келетіндіктерін айтты.

Тренинг барысында оқушылар бір-біріне жылы тілектерін айтып, тамаша күн үшін алғыстарын білдірді. Сондай-ақ сергіту сәтін жасады. Қорытынды: Оқушылардың бір-бірімен араласуы жақсы. Жаңа ортаға бейімделуі жақсы. Зейін, есте сақтау қабілеттері жақсы. Қимыл қозғалыстары орташа. Сабаққа ынтасы жалпы сыныптың орташа





12.11.19 күні 1 «б» сынып оқушыларынан тапсырмалар алынды. **Мақсаты**: Оқушының оқуға дайындығын анықтау және мектеп пен сыныптастары арасындағы қарым - қатынасын бақылау. **Қатысты:** 2 оқушы.
**Нәтиже:** 1 «б» сынып оқушыларымен «Оқушылардың зейіні мен оқу мотивациясын» анықтау мақсатында арнайы тапсырмалар алынды. Тапсырмалар арқылы оқушылардың зейіннің тұрақтылығы, мектеп пен сыныптастары арасындағы бейімделуі мен беделі анықталды. Сыныптың оқу мотивациясы төмендегідей.

| Сынып | Жоғары | Орташа | Төмен |
|---|---|---|---|
| 1 «Б» | 2<br>Хавн Ючин-Ева.<br>Хван Родион Александрович | 0 | 0 |



**Қорытынды:** Сынып оқушыларының арасында гипербелсенді жоқ есте сақтау қабілеттері мен зейіннің тұрақтылығына байласыты жұмыс атқару керек. Оқушының оқуға дайындығын нормаға сай дегенді білдіреді.

Сыныптың қарым-қатынасы жақсы. Жазу, оқу, сызу, сөздік қорлары жалпы сынып жақсы деңгейде. Мектепке бейімделуі қалыпты. Коррекциялық жұмыс: Сыныппен тренинг өткізу. Ойлау, есте сақтау қабілеттерін дамытуға арналған әдістермен жұмыс.

19.11.2023.күні 1 «б» сыныбымен тренинг сабақ өтті. Мақсаты: Оқушылардың мектепке бейімделуін анықтау. Оқушылардың бір-біріне деген қарым-қатынасын бақылау. Қатысты: 2 оқушы.

1а,б сынып оқушыларымен «Кел танысайық» тренингі өтті. Барлық оқушылар өте белсенді қатысты. Өздерінің сүйікті істері, достары, мектепте оқығандары ұнайтындарын айтты.

Оқушылардың есте сақтау, криативті ойлауын дамыту мақсатында «Сызықтарды екі қолмен жалғастыр» жаттығуы берілді. Оқушылар екі қолмен жазғанда басында аздап қиналды. Біра-ақ тапсырма балаларға өте ұнады. Оқушылардың көңіл күйлерін көтеру үшін тренинг соңында. Қорытынды: Тренинг барысында, жаттығуларды орындағанда ерекше тренингтер өткізіліп, психологиялық түзету жұмыстары жүргізіледі.

Мектеп психологы: Бердалиева. Б.Р Б-Ч

## «Қостомар орта білім беретін мектебі» КММ

### 5-сыныпта Оқушылырымен орта буынға бейімделу талаптарының орындалуы.
### 2023-2024 оқу жылы

**Мақсаты:** Оқушылардың бастауыш буыннан орта буынға көшкен кезеңін бейімделу кезеңі дейміз. Өйткені,олардың пән мұғалімдері өзгереді,жаңа пәндер қосылады, жаңа сынып жетекшісі болады,оқу бөлмесі өзгеріп,оқу бағдарламасы күрделене түседі.Осының барлығы баланың жан-дүниесіне әртүрлі психологиялық жүк түсіреді де,осы 5-ші сыныпта оқушылардың бойында ортақ мәселелер пайда болады.Бұлар:

**Міндеттері:**

-балалардың мінезі өзгереді;

-тез шаршайды;

-көңіл-күйлері тез бұзылғыш келеді;

-оқу үлгерімдері төмендейді;

-мазасыздық,қобалжу сезімдері жиілейді.





**Анықтама:**Сондықтан осы ауыспалы кезеңдегі тұлғаның жас және жеке ерекшеліктерін зерттеп, балада кездесетін сәтсіздіктерді болдырмаудың жолын іздестіре отырып,  оқушыларға 3.10.2023 ж күні бейімделуді анықтау жұмыстары жүргізілді

Оқушылар орта буынға бейімделді. Орта буындағы пән мұғалімдері таныстырылды. Мүлдем бейімделе алмай қалған оқушы жоқ. Орта буында қосылған жаңа пәндерге бейімдері бар. Пән мұғалімдеріне үйренді. Пән бойынша түсініспеушіліктер, қиындықтар болған жоқ.

Пән бойынша : оқушылар тарапынан математика пәні бойынша , есеп шығарудан кездесетін қиыншылықтар. Орыс тілі,  және ағылшын  тілдерін

меңгере алмаулары. Қатал мұғалім жоқ  Оқушылардың берген жауаптары пән мұғалімдеріне айтылды.

Осы сыныптың тәрбиесі бойынша:

Оқушыларға аптасына өтілетін тәрбие сағаттарына қатыстым.

Тәрбие сағатының барысында тәртібі туралы, оқулары, түсінбеген мәселелері бойынша түсіндіріп  айтылды. Тәртіп деңгейі- орта. Тәртіп бұзатын оқушы жоқ.  Мектепті жек көретін, мектепке қызығушылығы жоқ төменгі көзқарастағы балалар – жоқ.

Оқу жылының басында сынып  ата- аналар жиналысы өткізілді. Жиналысқа психолог ретінде қатыстым. Тәртіптері туралы ата- аналарына айтылды. Оқушылар бастауыш буыннан орта буынға бейімделу барысында тәртіптері бойынша кейбір оқушылар еркеліктерін қоймаған.





**Қорытынды:** 5-сынып оқушыларының оқу пәндеріне деген қызығушылықтары жақсы,сабақ барысында
оқушылардың іс-әрекеттері қалыптасқан,зейіндері тұрақталған, негізгі пәндерді игеруге мүмкіндіктері бар. Осы анықтама бойынша қорытындылай келе 5- сынып оқушыларының
орта буынға бейімделуі «жақсы» деп есептелінді.



Сонымен, оқушы кіші мектеп жасынан орта мектеп жасына өтудегі пәндік бейімделу кезеңіндегі жүргізілген психологиялық зерттеу жұмыстарының қорытындысы төмендегідей нәтиже берді:

5 сынып оқушыларының мектептегі мотивациясы

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | Өте жоғары | Жоғары | Орта | Төмен |
| 1 | 5 «А»<br>15 оқушы | 47%<br>5оқушы | 38%<br>8 оқушы | 15%<br>1 оқушы | - |
| 3 | 5 «Б»<br>11 оқушы | 15%<br>3 оқушы | 80%<br>7 оқушы | 5%<br>1 оқушы | - |

да-57%, орта 10 оқушы-17%, төмен 1 оқушы-1 % көрсетті.

Оқушылардың мектептегі мазасыздық деңгейі – 5 «А» сыныбында – өзі-өзі көрсетуден қорқу –(48%), Білімді тексеру жағдайынан қорқу-(47%);

5 «Б» сыныбында - Өзін-өзі көрсетуден қорқу (59%), Білімді тексеру жағдайынан қорқу(71%), мұғаліммен қарым-қатынас кезіндегі қорқыныш пен проблемалар (51%); мектептегі жалпы дегбірсіздік (56%);

**Ұсыныстар:** Сынып жетекшісі Сыздықова.А.С Тарасова.Л.Н оқушылардың табысты бейімдеу кезеңін ұйымдастыру үшін сынып ұжымын қалыптастыру жұмыстарын одан әрі жалғастыру қажет.

Мектеп психилогы Бердалиева.Б.Р 5-сыныптың бейімделуін психологиялық зерттеу жұмыстарын жалғастыру қажет.

Пән мұғалімдері оқушылардың пәндік арнайы білім дағдыларын жетілдіруге бағытталған тиімді әдіс-тәсілдерді кең көлемде қолдануды жалғастыру керек.

Бейімделу кезеңінде кездескен сәтсіздікті қорытындылау және түзету жұмыстарын жүргізу;

Оқушылардың пәнге деген қызығушылықтарын ояту, әр пән мұғалімі оқушыға деген эмоционалды қарым-қатынасын түзету, жаңа ортаға бейімделуіне жағдай жасау.

Оқушылардың танымдық ерекшеліктерін сабақтарда жаттығу, ойындарды қолдану арқылы жетілдіру, дамыту.

Сынып сағаттарын, тренинг-жаттығуларын өткізу арқылы оқушылар арасында ауыз біршілік, татулық қалыптастастыру, қарым-қатынастарын нығайту

Оқушымен қарым-қатынаста баланың кемшіліктеріне емес, артықшылықтарына көңіл бөлу, мадақтау, ынталандырып отыру

Психолог: Бердалиева.Б.Р Б.М

**«мектебі» КММ**

**10-сыныпта бейімделу (адаптация) талаптарының орындалуы.**
**2022-2023 оқу жылы**

Оқушылардың жоғарғы буынға көшкен кезенін бейімделу кезені дейміз. Өйткені оларға жаңа пәндер қосылады, жаңа сынып жетекшісі оқу бағдарламасы күрделене түседі.Осының барлығы баланың жан-дүниесіне әртүрлі психологиялық жүк түсіреді де,осы 10- сыныпта оқушылардың бойында ортақ мәселелер пайда болады.Бұлар:

-балалардың мінезі өзгереді;

-тез шаршайды;

-көңіл-күйлері тез бұзылғыш келеді;

-оқу үлгерімдері төмендейді;

-мазасыздық,қобалжу сезімдері жиілейді.

Сондықтан осы ауыспалы кезеңдегі тұлғаның жас және жеке ерекшеліктерін зерттеп, балада кездесетін сәтсіздіктерді болдырмаудың жолын іздестіре отырып, оқушыларға ____________ күні бейімделуді анықтау жұмыстары жүргізілді

Оқушылар жоғарғы буынға бейімделді. Мүлдем бейімделе алмай қалған оқушы жоқ. Жоғары буында қосылған кейбір жаңа пәндерге бейімдері бар. Пән мұғалімдеріне үйренді. Пән бойынша түсініспеушіліктер, қиындықтар болған жоқ.
Кей пәндерді меңгере алмаулары пән мұғалімдеріне айтылды, келесі тоқсанда оқушылар қосымша сабақтарға қатысады.
Осы сыныптың тәрбиесі бойынша:
Оқушыларға аптасына тәрбие сағаттарын жүргізіп отырдым.
Тәрбие сағатының барысында тәртібі туралы, оқулары, түсінбеген мәселелері бойынша түсіндіріп айтып отырдым.

• Мектепті жек көретін, мектепке қызығушылығы жоқ төменгі көзқарастағы балалар – жоқ.

Оқу жылының басында ата- аналармен жиналыс өткіздім. Жеке ата- аналармен кезіктім. Тәртіптері туралы ата- аналарына айтылды. Бұдан қорытынды: 10-сынып оқушыларының оқу пәндеріне деген қызығушылықтары жақсы,сабақ барысындаоқушылардың іс-әрекеттері қалыптасқан,зейіндері тұрақталған, ғылыми негіздегіпәндерді игеруге мүмкіндіктері бар. Осы анықтама бойынша қорытындылай келе 10- сыныпқа оқушыларының бейімделуі «жақсы» деп есептеледі.

Психолог:

3.11.2023.күні 8 «б» сынып оқушыларынан сурет салу әдісі арқылы тапсырма алынды. Мақсаты: Оқушылардың отбасындағы рөлі мен қарым-қатынасын анықтау. Қатысқан оқушылар саны-8

12.12.19 күні 3 «а» тренинг өтті. Қатысқан оқушылар саны- 10 Қатыспағаны: 1 себепті (Салауат Аружан). Мақсаты: Оқушылардың өзін-өзі бағалауын анықтау. Сынып арасындағы қарым-қатынасын бақылау. Мінез ерекшеліктеріне мән беру. Тренинг барысында оқушыларға психологтың қызметі, қандай көмек көрсетілетіндігі айтылды. Оқушылар өз ойларын ортаға салып, пікір алмасты. Оқушылардың өздерін қаншалықты бағалайтындықтарын анықтау мақсатында «Менің жақсы қасиетім» деген жазбаша жұмыс берілді. Оқушылар өз бойындағы ұнайтын, ұнамайтын қасиеттерін жазды.Жаттығу қорытындысы бойынша оқушылардың көбі жақсы қасиеттерін айтқанда қиналды.

Психолог: Бердашева.Б.Р

# 4-сынып оқушыларының танымдық процестерін диагностикалау.
# Анықтама

Педагог - психологтардың қыркүйек айының жоспарына сай: Бастауыш сынып оқушыларының танымдық процестерін диагностикалау және түзету дамыту жаттығулары жүргізілді.

**Тренинг тақырыбы: Мен және менің ортам.**

**Тренинг мақсаты:** өмірде адамнан асқан құндылық жоқ екендігін түсіндіре отырып, бақытты өмір сүру үшін өзін – өзі психологиялық тұрғыдан дайындауға, жеке қасиеттерін білуге тәрбилей отырып, дұрыс қарым – қатынасқа түсу мәдениетін және жағымды «Мен» концепциясын қалыптастыру.

Әдісі: тренинг

**Көрнекілігі**: «Топта жұмыс істеу ережесі» жазылған плакат, А3 – А4 қағаз беттері, фломастерлер, қарындаштар, коблиша, адамгершілік қасиеттері жазылған карточкалар, үлестірмелі смайликтер, доп.

I. Ұйымдастыру кезеңі.

II. Тренингтің мақсат міндеттерін хабарлау.

Мақсаты: әр адам бақытты өмір сүру үшін өзін – өзі психологиялық тұрғыдан дайындауға, жеке қасиеттерін білуге тәрбилелей отырып, дұрыс қатым- қатынасқа түсу мәдениетін, жағымды «Мен» концепциясын қалыптастыру.

III. Тренингке дайындық , ережесімен таныстыру.

Топта жұмыс істеу ережесі:

1. Бір – бірін «Визиткада» көрсетілген есім бойынша, атау.
2. Біреуі сөйлейді, басқалары тыңдайды.
3. Болып жатқанға белсенді қатысу.
4. Әркім өз пікірін білдіруге құқылы.
5. Пайда болған ой, сезімдеріңді осы жерде және қазір айт.
6. «Басынан», «Аяғына» дейін жұмыс істеу.

IV «Таныстыру» жаттығуы.

Нұсқау: әр қатысушы өз есімінің бірінші әрпіне қарай бойындағы жеке қасиетін қосып айту керек.





Біріншіден – балалар өздерінің күшті және әлсіз жерлерін біледі, өздеріне басқалардың көзімен карауды үйренеді, араласатын адамдар арасында өздерінің мінез-құлықтарын жағдайға немесе адамға байланысты өзгертуге үйренеді. Сонымен қатар осы кезеңде басты қауіп туғызатын жағдай ол оқуға деген қызығушылықтың төмендеуі. Көп ата-аналар балаларының оқығысы келмейтіндеріне, оқуы үшке төмендеп кеткендігіне және оларды ештеңе қызықтырмайтынына шағым айтады. Әрине бұл толғандырады! Жасөспірімдер жасы ең алдымен қатынасатын ортаның қарқында өсуімен, әлеуметтік тұрғыдан өз тұлғасын таба білумен тығыз байланыста, балалар шынайы ортаны мектептен және сыныптан тыс игереді.




Диагностикалау, бақылау, тексеру және бағалау логикалық ретпен бөліктерге бөліне отырып жүргізілуі қажет. Тексеру жүйесіндегі бірінші кезең — оқушылардың білім деңгейлерін алдын ала анықтау. Бұл тексеру жыл басында немесе жаңа бөлімдерді оқып-үйренуге кірісер алдында өткізіледі және мұнда оқушылардың курстың не бөлімнің маңызды элементтерін меңгеруі дәрежесі анықталады. Екінші кезең әрбір тақырыпты оқып-үйрену бойынша жүргізілетін ағымдық бақылаумен анықталады. Ағымдық бақылаудың басты функциясы — үйретуші. Үшінші кезең қайталай тексерумен анықталады. Бұл да тақырып бойынша жүргізіледі, жаңа материалдармен қатар бұрын өткен білімдер де тексеріледі. Төртінші кезең кезеңдік тексеру бүкіл бөлім не көлемді материал бойынша жүргізіледі. Бұл тексерудің мақсаты — курстың әр бөлімдерінде оқып-үйренген оқу материалының құрылымдық элементтері арасындағы өзара байланыстарды оқушылардың меңгеру сапасын анықтау үшін өткізіледі. Басты функциялары — жүйелеу мен жалпылау. Бесінші кезең барлық дидактикалық үдерістегі білім, білік, дағдыларды анықтайтын қорытынды тексеру болып табылады. Қорытынды тексеру тоқсан немесе жыл соңында жүргізіледі. Ерекше түр ретінде кешенді тексеруді бөліп көрсетуге болады. Бұл тексеру оқушылардың әр түрлі пәндерден алған білімдерін іс жүзінде колдана білу қабілеттілігін анықтауға арналады.

**Қортынды:**Оқушылартың оқу материалын меңгергенін тексеру және бағалау - оқыту нәтижелерін бақылау, оқу процесіні¦ әртүрлі кезеңіндегі оқушылартың танымтық іс-әрекетін басқару. Білімді тексеру және бағалау оқушының білім аллына көмектесіп, оның және мұғалімнің білім сапасы

жөнінде сантық мәлімет береді. Мұғалім оқушының білім деңгейінен хабар алып, оның танымтық жұмысын ұйымдастыруға негіз жасайты. Мұғалім өз жұмысындағы жетістіктер мен кемшіліктерге баға беріп, жұмыс әдістерін толықтырып, түзетіп, жеке оқушылармен жұмыстың жолдарын және құралдарын тауып, бағдарламалық білімдердің меңгерілуі деңгейін анықтайты. Оқушы тақырыпты қаншалықты деңгейде меңгергенін ұғаты. Егер білімді тексермесе, хонда оқушы өз білімін терең, жан- жақты және дұрыс бағалай алмайты. Оқушы баға алған соң өзінің мектептегі, үйдегі жұмыстарын жетілдіруге, жақсы сапаларин дамытуға, білім, іскерлік, дағтыларындағы кемшіліктерді жоюға мүмкіндік беру.

Жүргізген: психолог Бердашева. Б.Р.

# “Арыңды сақта бойжеткен ” тақырыбында қыздармен өткізілген кеңестің Анықтамасы

" Қостомар ауылының жалпы орта мектебінде"
"Қыз балалардың жеке гигиенасы бойынша қозғалатын проблемалар" тақырыбында қыздармен өткізілген кеңестің
Анықтамасы
Мерзімі: 29.09. 2023 жыл
Қатысқандар: 8-10 сынып қыздары
Жалпы қатысқандар саны: 33 оқушы қыздар
Кеңестің жүргізілу барысы:
1. «Сәлемдесу салт жорағысы», «Мен кіммін? Мен қандаймын?» тренинг, жаттығу педагог-психолог: Бердалиева.Б.Р 2. "Қыз балалардың жеке гигиенасы бойынша қозғалатын проблемалар"
3. Қыздың жеке гигиенасы. Медбике: Амангельдинова.А.А
4. «Қыздар гигиенасы жайлы кеңестер» қыздармен сұхбаттасу. Педагог- психологтар: Бердалиева.Б.Р
Қыздармен жиналысты мектеп педагог-психологі Бердалиева.Б.Р
«Сәлемдесу салт жорағысы»,«Мен кіммін? Мен қандаймын?» тақырыбындағы тренинг және жаттығулар мен бастады. Мақсаты:топты ұйымдастыра білу, эмпатиялық сезімді, жағымды көңіл күйді көтеру, белсенділікті арттыру және өмірлік күшті жинау. Тренинг жаттығудан соң қыздар өз сезімдерімен пікір алмасты.
Бірінші мәселе бойынша“Қыз балалардың жеке гигиенасы бойынша қозғалатын проблемалар тақырыбы бойынша кеңестер жүргізілді. Жиналыс барысында: «Ұлтымыз қыз баланың изеттілігі мен мәдениеттілігін — сыртқы бет-пішіні мен киім киісіне қарап бағалаған. «Қыз – өмірдің гүлі»,«Қыз – халықтың гүлі, өлең – сауықтың гүлі»деген даналардың сөзі бар. Сол себепті, қызы тәрбиелі елдің болашағы зор болмақ. Өйткені, ұлттың болашағы қыздың құрсағынан басталады. «Қыз – халықтың гүлі, өлең – сауықтың гүлі» демекші, қыз бала тек сұлулығымен емес, бойына біткен мейірімділік, нәзіктік сияқты қасиеттерімен де көрікті. Қазақ халқы қыздың тәрбиесіне ерекше мән беріп, аялап өсірген. Нарықтық заманның талабы өзгерсе де, бойындағы ұяңдық нұрын сөндірмей, қазақ қызына тән болмысын бұзбай жүргендер де жетерлік. Алайда, бес саусақтың бірдей болмайтынындай, «арзан» алтынға қымбат қасиеттерін алмастыруға дайын қыздарымыз да жоқ емес.Қарғыстың жаманы «өзің білме, білгеннің тілін алма» деген ғой. Орынсыз киіну, орынсыз жүріс-тұрыс қыз бала затына қыздық, нәзіктік, сыпайылық көркіне нұқсан келтіретін қылық екенін естен шығаруға болмайды. «Ана – бала тәрбиесіндегі ерекше тұлға. Дана Абай бабамыз қазақ әйелінің, ананың отбасындағы орнын ерекше жырлайды. Жалпы «Адам бойындағы барлық қасиеттер ананың ақ сүтімен жаралған» – деген ғұламалық ойды тарата келе, осы қасиеттің міндетті түрде тәрбиеленуі туралы айтады.Бала – ата-анасының игі істерінің жалғастырушысы, болашағы. Бала тәрбиесі – ата-ана үшін күрделі де, жауапты міндет.

Жас шыбық иілгіш болса, жас адам да сондай жақсыға да жаманға да бірдей бейім болатыны баршымызға мәлім.




Ата-ананың үйіндегі әрекеті балаларының көз алдында өтеді, сондықтан жақсы, жаман әдетіміздің бала тәрбиесіне ықпалы зор.

Әрбір ата-ана – өзінің баласын Отанға пайдалы, өзіне мейірімді, еңбекқор, адамгершілігі мол адам етіп тәрбиелеуге халық алдында да, мемлекет алдында да жауапты. Бірде-бір ата-ананың бала тәрбиесіне немқұрайды қарауға еркі жоқ. Егерде ол, бала өсіруде қате жіберсе, осалдық байқатса, қартайғанда опық жейтіні, өкінішке ұрынатынына ешбір дәлелдеп жатуды қажет етпейтін ақиқат. Бала тәрбиесі туралы сөз болғанда: «Баланы жастан» – деген халық даналығын ұмытуға ешкімнің хақысы жоқ» Ана деген қыздың бірінші сырлас жандосына айналуы тиіс. Өз отбасында бала ата-ананың қамқорлығына, шексіз сүйіспеншілігіне бөленіп, әке мен ананың жақсылығы мен дәулетінің қызығын көріп қана қоймай, адамгершілік, әдеп-инабат тағылымдарын алуы, оларды меңгеріп іс- жүзінде қолдануы ынта мен ықылас, қайрат пен қажыр ететін жолынан өтуге тиіс.

Екінші мәселе бойынша «Қыздардың жеке гигиенасы кеңес» мектеп медбикесі Джуанышова П.Т. өз сөзінде:қыздарға жеке бас гигиенасы туралы және қыздардың бойындағы ерекше қасиет ана болу мәселесі жайында ашық түрде әңгіме жүргізіп, көптеген кеңестер берді. Кеңес беру барысында қыздардың сән қумай, бояуды бытыстырып жақпай, денеге жабысқан киім кимеу, етегі қысқа киімдер кимеу, шашатарын жайып, өздерін сорақы көрсетпей, айналасындағыларға боянып сыланып әдемі көрініп, ер адамдардың өздеріне көңілін аударып, ерте жастан жеңілтек атанбау үшін, өз бойындағы табиғи сұлулықты сақтау керектілігі айтылып түсіндірілді. Сонымен қатар еркекпен ерте жақындасудың зардабы да, салдары да көп. Ойда жоқта жүкті болып қалу – жас қыздардың денсаулықтарын құртады, көптеген жағдайларда өмірлеріне қатты нұсқан келтіреді. Тұңғыш рет баланы алдырып тастау яғни аборт жасату - әйелді бедеу етуі, түсініктірек айтсақ екінші рет бала бітпеуі мүмкін. Қазір бедеулікке тұңғыш біткен баланы алдыртып тастау себепкер болып отыр деп өз сөздерін





комедиялық фильмдер қара. Біліміңді толықтыратын видео сабақтар, түрлі кітаптар оқы.
Өзіңді әрдайым сүй сонымен қоса жауапкершілікті сезініп, тәртіпке әрқашан бағына біл!
Түрлі қиындыққа тап болған жағдайда мықты бол.

Түрлі қиындыққа тап болған жағдайда көңіл - күйіңді түсірме, болған жағдайға басқа қырынан қарап көр, адам қателік жасамауы мүмкін емес, өйткені сол қателіктер арқылы біз өмірді таны білеміз. «Сүйген жігітің хабарласпай, кездесуден де бас тартты ма? Бұған бола ренжудің, жылаудың қажет жоқ. Себебі біреу – сен жассың сенің өмірің әлі алда. Сені қажет етпейтін адамға уақытыңды босқа кетірме! Сені жақсы көруі үшін өзгені мәжбүрлей алмайсың.
Өмірдің қуаныш пен шаттыққа толы сәттерін есіңе ал. Стреске салынудан аулақ бол! Өз - өзіңе айт: «Бұл болмашы ғана қиындық, бұдан мен тек күш аламын және шыңдала түсемін». Бұл шынымен де солай.
Көңілді әрі шынайы адамдармен қарым – қатынас жаса.
Өсек – өтірікке жаны құмар жандардан аулақ бол!
Кез – келген қиындыққа мойыма, көңіл бөлуге тұрмайтын жандарға бұрылып та қараудың қажеті жоқ. Барлық жағдайды ақылға сала отырып шешуге тырыс, сондаТабиғат ана да саған көтеріңкі көңіл - күй, мықты денсаулық пен болашаққа деген сенімділік сыйлайды.
Қыс мезгілінде ерінді күте біл.
Еріннің жұқа терісі қыстың аязды суығына төзімсіз болғандықтан жарылып кету мүмкін. Бұндай қиындықтумасүшін, дәріханадан ерінге арналған гигиеналық ерін далабын (помада) алып қойған дұрыс. Ерін далабы еріннің жұмсақ терісінде ылғалдықты сақтайды.
Тырнақты қай уақытта егеу дұрыс?
Моншаға немесе ваннаға түсіп шыққансоң, тырнақты егей бастау дұрыс емес. Бұл тырнаққа зиянды болып есептеледі. Тырнақты егеуді ваннаға түсер алдын жасаған жөн. Тырнақты егеген кезде бір жаққа қарай егеу керек, ары – бері егеу зиянды, тырнақ қабыршақтану, тез сыну осының әсерінен яғни ары – беріегеуден болады.
Тырнақты күту.
Егер тырнақ сынғыш болса, онда келесі кеңесіме назар аударыңыздар. Тырнақты бояудан тазалап, тырнақты жақсылап еге (маникюр).
Таза тырнақтың үстіне 5 % иод ерітіндісін жақ, бұны жатар алдында жасаған дұрыс, таңға дейін иод тырнаққа сіңеді. Бұл шараны 10 күн жасау қажет.
Психологтар мынадай дәлелді келтіреді: сырт келбеті арқылы әйел әлемге өзін таныстырады. Табиғаттың әйелді қалай жаратқандығына қарай,ол өзіне өзгелердің таңданысы пен өкінішін тудыра алады. Өз-өзіңізге күтім жасауды қолға алыңыз және әдетке айналдырыңыз.
Сұлулыққа ұмтылу — наздық емес, асыра сілтеушілік те емес.
Өзіңізге айналадағы жандардың тарапынан жағымды әсер қалдыру үшін әдемі болып жүру маңызды. Ал әдемілік немен өлшенеді деген сұраққа жауап іздеп көрелік.
Шаштың түсі мен ұзындығы, қас пен кірпіктің қалыпты жағдайда болуы, киім киюдегі стиль — кез келген бойжеткен мен келіншектің айнасы. Алайда, барлық ханымдар есте ұстайтын бірнеше ережелер бар. Бір қызығы, әдемі болып көріну үшін шығындалудың қажеті шамалы. Бірақ, ескерту қатал: ережелерді бұзбай, күнделікті сақтап отыру қажет. Бір сәтте ханшайымға

айналып шығу тек ертегілерде ғана болады. Ал өмірде ханшайым болу үшін, өмір бойы тынбай күтініп жүру керек.





**Қорытынды:**

Сұлулық бізді қуантып, әсерге бөлейді.Сұлу болғың келсе, әдемі нәрселерге талпын. Айналаңды әдемі заттар мен толтыруға болады, мұражайларға баруға болады, өнер туындыларының тылсым сырына үңілуге болады, ұшы-қиыры жоқ әдемілікті іздеп, табиғат аясына шығуға болады. Бірақ ең алдымен өз жүрегіңнің, жанынның сұлулығын іздеу, жасау қажет. Егер ішкі жан дүниеңде мейірімділіктің, махаббаттың сұлулығы болмаса, сұлулық уақ өте келе көмескілене түседі.

# Сабаққа психологиялық талдау жасау. Анықтама

**Сабақтың психологиялық мақсаты:**

Балалардың дамуын нақты оқу материалын және нақты сабақты оқып- үйрену шегінде жобалау;

Сабақтың мақсаттық ұстанымында тақырыпты оқып- үйрену міндеттері мен алдыңғы жұмыста қол жеткізген нәтижелерді есепке алу;

Оқушылардың дамуын қамтамасыз ететін психологиялық-педагогикалық ықпалдың жекелеген құралдарын қарастыру.

**Қатысқан мұғалімдер: Тутенбаева.Э.Т Асанбаева Р.Б. Алибекова Р.С Каримова А.У КамиеваД.К. педогог-психологы Бердалиева Б.Р қатысты**





**Сабақтың мазмұны:** Мен құрылымын дамыта –оқыту қағидаларына сай анықтау, оның ішінде:

жүктеменің оқушының есте сақтауы мен ойлауына сәйкестілігі;

оқушылардың жаңғырту және шығармашылық іс-әрекетінің көлемін анықтау;

білімді дайын күйінде (мұғалімнің сөзінен, оқулықтан, оқу құралынан және т.с.с.) және өз бетінше саралау үдерісінде меңгертуді жоспарлау;

мұғалім мен оқушылардың проблемалық –эвристикалық оқытуды жүзеге асыруы (проблеманы кім қояды, кім құрастырады, кім шешеді);

мұғалім жүзеге асыратын оқушылардың іс-әрекетін бақылау, саралау және бағалау, сонымен қатар оқушылардың өзара сыни бағалау, өзін-өзі бақылау және өзін-өзі саралау есебі;

оқушыларда іс-әрекет тудыру (жасалған жұмыспен байланысты туындаған оңтайлы сезімдер түсініктемесі, қызығушылықты көтермелеуші ұстанымдар, қиыншылықты жеңуге деген еріктік күш-жігер және т.б. ) мен күштеудің арақатынасы (бағалауды еске салу, қатаң ескерту, ақыл айту, т.б.);

***Оқушылардың танымдық қызметін ұйымдастыру:***

Оқушылардың ойлауы мен елестеуінің өнімді жұмысы үшін қажетті жағдайларды қамтамасыз ету шараларын белгілеу;

оқушылардың оқып-үйреніп жатқан объектілер мен құбылыстарды қабылдау және оларды түйсіну жолдарын жоспарлау;

көзжеткізу, сендіру түріндегі установкаларды қолдану;

оқушылардың зейіні мен жинақтылығының орнықты жағдайларын жоспарлау;

оқушылардың жадында жаңа білімдер мен біліктерді қабылдауы үшін қажетті бұрынғы алған білімдері мен біліктерін өзектендіру жұмыстарының түрлі нысандарын қолдану (әңгімелесу, дербес сауалнама, қайталау тапсырмалары) ;




***Оқушылардың жас ерекшеліктерін ескере алу:***

Сабақты оқушылардың жеке және жас ерекшеліктеріне сай жоспарлау;

Сабақты күшті және әлсіз балаларды ескере отырып өткізу;

Күшті және әлсіз оқушыларға деген дифференциалды тәсіл.




Мектептегі барлық мүмкіндіктерді пайдалана отырып, білім алу мен ептілікке үйренуде өз белсенділігін анықтау, мектептің оқыту және тәрбие жұмыстарына қатысты өзінің пікірі мен келіспеушілігін білдіру